

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ТЕОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 2 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

26.12.2025

Қатысқандар: АК төрағасы – PhD, доцент Ж.Е. Нурматов; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD, аға оқытушы А.Н. Усаинова; АК мүшесі, академиялық персонал – аға оқытушы А.С. Бейсенов; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD, аға оқытушы Д.Ш. Шауенов; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD, аға оқытушы Ф.Б. Камалова; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD, аға оқытушы С.Т. Шылмамбетов; АК мүшесі, академиялық персонал – филос.ғ.к., аға оқытушы Г.А. Шадинова; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD, аға оқытушы М.М. Молдашева; АК мүшесі, академиялық персонал – аға оқытушы Ы.Е. Нурмагомбетова; АК мүшесі, академиялық персонал – т.ғ.к., доцент Г.О. Нұрбетова; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD, аға оқытушы М.Т. Салғараев; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD, доцент Б.С. Сиздиқов; АК мүшесі, білімгерлер өкілі – магистрант Ж.Н. Прзада; АК мүшесі, білімгерлер өкілі – магистрант Қ.Б. Мейіржан; АК мүшесі, білімгерлер өкілі – магистрант Н. Жасыбаев; АК мүшесі, білімгерлер өкілі – білімгер Б.Ж. Қанабеков; АК мүшесі, білімгерлер өкілі – білімгер М.Е. Маулен; АК мүшесі, білімгерлер өкілі – білімгер Ұ.Т. Төлеутаева; АК мүшесі, білімгерлер өкілі – магистрант Г. Есенгелді; АК мүшесі, білімгерлер өкілі – білімгер А. Жетпісбаева; АК мүшесі, білімгерлер өкілі – білімгер А.М. Уалихан; АК мүшесі, білімгерлер өкілі – білімгер А. Әбілқасым; АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – М.М. Халықов; АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – М.М. Тастанбеков; АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Ж.А. Касымбеков; АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Г.О. Исмаилова.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. ББ аудиттері және шешімдер қабылдау (қолданыстан шығару жаңа ББ әзірлеу). Атамекен рейтингісіне қажетті құжаттарды дайындау.
2. Қараша, желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша **АК төрағасы Ж. Нурматов сөз алды:**

Құрметті Академиялық комитет мүшелері! Бүгінгі күн тәртібіне сәйкес қараша–желтоқсан айлары аралығында атқарылған жұмыстардың нәтижелерін талқылауды ұсынамыз. Академиялық комитеттің желтоқсан айына арналған жұмыс жоспарына сай бакалавриат деңгейіндегі білім беру бағдарламаларына (6B02228 – Дінтану, 6B02229 – Теология, 6B02266 – Исламтану, 6B02231 – Тарих, 6B02267 – Түркітану, 6B02286 – Философия-дінтану), сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына (7M02211 – Дінтану, 7M02262 – Теология, 7M02210 – Тарих, 7M02212 – Түркітану) аудит жүргізу жоспарланған болатын.

АК мүшесі, академиялық персонал, PhD Ф.Камалова:

Қолданыстағы білім беру бағдарламасы 2024-2025 оқу жылында жаңартылғандықтан, аталған бағдарлама ағымдағы оқу жылы үшін де өзекті әрі тиімді деп санаймыз. Осыған байланысты, биылғы оқу жылында білім беру бағдарламасына

қосымша өзгерістер енгізу қажеттілігі жоқ деп есептейміз. Сонымен қатар, 2024-2025 оқу жылының соңында EPVO платформасында 6B02228 – Дінтану білім беру бағдарламасына бірқатар мазмұндық түзетулер енгізілгенін атап өтеміз: оқыту нәтижелерінің (ОН1, ОН3) құрамына жасанды интеллект және инклюзивті оқыту әдістері енгізілді; оқу жоспарындағы «Ислам тарихы» (5 кр.) пәні алынып, оның орнына «Діндер тарихы I» (2 кр.), «Діндер тарихы II» (2 кр.), «Дін негіздері» пәніне (1 кр.) кредиттер бөлінді және пән сипаттамалары сәйкесінше қайта қаралды; «Құрантану» пәні ТК блогына ауыстырылды; сондай-ақ бірқатар пәндердің ЖК/ТК мәртебесі өзгертіліп, «Түркі ислам тарихы», «Хитаба» пәндері толық алынып тасталды, соңғы модульдегі ТК пәндер саны 6-дан 4-ке қысқартылды.

Ал 7M02211 – Дінтану білім беру бағдарламасына қатысты: ТК пән «Дінтану әдіснамасы» ЖК ретінде бекітіліп, докторантураға түсу талаптарымен үйлестірілді; ЖК-не «Дін саласындағы құқықтық реттеу» атты жаңа пән енгізілді; ТК пәндер қатарына «Қазіргі дін әлеуметтануы мен психологиясының негізгі мәселелері» атты жаңа пән қосылды; «Зерттеулердің қолданбалы әдістері» және «Академиялық ғылыми жазба» пәндерінің сипаттамаларына ЖИ қолдану әдіс-тәсілдері енгізілді; кәсіптік стандарттар енгізіліп, еңбек функциялары оқыту нәтижелерімен байланыстырылды; ОН-дардың реттілігі қағаз нұсқасымен сәйкестендіріліп, ОН4 және ОН5 құрамына ЖИ қолдану әдіс-тәсілдері енгізілді.

Білім беру бағдарламасын әзірлеу және жетілдіру барысында, ең алдымен, жұмыс берушілер тарапынан ұсынылатын пікірлер мен талаптарды ескеру маңызды. Себебі білім алушылар теориялық білімді меңгергеннен кейін өндірістік практикадан өтеді. Практика барысында студенттердің қандай кәсіби құзыреттіліктері мен практикалық дағдыларын дамыту қажеттігі айқындалады. Аталған мәселелер қазіргі таңда аса өзекті болып отыр.

Күн тәртібіндегі келесі маңызды бағыт – Атамекен рейтингіне қажетті құжаттарды жүйелі дайындау. Атап айтқанда, 2025 жылғы рейтинг критерийлері аясында: түлектердің мансаптық болашағы бойынша мәліметтер 1-қосымшаға енгізілгені; ББ-ны әзірлеу/жұмыс берушілермен келісу бойынша 2024-2025 оқу жылындағы келісімдер мен растайтын құжаттардың (титулдық парақ, ОЖЖ, рецензиялар, сараптамалық қорытындылар, хаттамалар) PDF форматта жүктелгені; ПОҚ сапасы бойынша соңғы 15 жыл (01.01.2010 ж. бастап) және кемінде 12 ай тәжірибесі бар оқытушылар деректерінің кестелерге енгізілгені көрсетілді. Сондай-ақ практик мамандардың негізгі жұмыс орнынан анықтамалары жүктеліп, 3.1-қосымша толтырылғаны; бағдарламалық аккредиттеу сертификаты тіркелгені; 2024–2025 оқу жылындағы сыртқы академиялық ұтқырлық деректері толықтырылғаны; 2025–2026 оқу жылына түскен талапкерлердің ҰБТ/КТ орташа балына қатысты растайтын құжаттар енгізілгені; шетелдік 2 білім алушының деректері мен паспорт көшірмелері 9-қосымшаға тіркелгені айтылды.

Осыған байланысты, ағымдағы оқу жылында ББ-ның мазмұнын түбегейлі қайта өзгертуден гөрі, енгізілген жаңартулардың оқу үдерісінде сапалы іске асуын, силлабустар мен күтілетін оқу нәтижелерінің сәйкестігін және жұмыс берушілердің кері байланысын тұрақты мониторингте ұстау қажет деп санаймыз. Сонымен бірге, 2025–2026 оқу жылында 6B02228 – Дінтану және 7M02211 – Дінтану білім беру бағдарламалары аясында оқытылатын пәндер бойынша әзірленген силлабустардың студенттердің күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуіне қаншалықты ықпал ететінін айқындау қажеттілігі туындап отыр. Атап айтқанда, пән сипаттамасымен танысқан студенттер үшін таңдалған курстарда көзделген оқу нәтижелеріне сәйкес қажетті құзыреттіліктер мен дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік беретін педагогикалық әдіс-тәсілдердің тиімді әрі орынды қолданылуы ерекше маңызға ие.

Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, PhD Шылмамбетов сөз алып,
Философия кафедрасында 6B02286 – Философия-дінтану білім беру бағдарламасы бойынша оқу үдерісінің мазмұнына талдау жүргізіліп, бағдарламаның қазіргі еңбек

нарығы мен академиялық талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар қарастырылды. Соңғы оқу жылдарындағы үрдістерді ескере отырып, білім беру бағдарламасының кейбір пәндеріне қатысты мазмұндық нақтылаулар жасалғанын атап өтеміз. Атап айтқанда, білім алушылардың заманауи цифрлық сауаттылығын және зерттеушілік дағдыларын күшейту мақсатында, пән мазмұндары мен күтілетін оқу нәтижелеріне жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын жауапты әрі тиімді қолдануға қатысты элементтер енгізілді. Бұл өзгерістер білім алушылардың академиялық мәтінмен жұмыс істеу, ақпаратты талдау және ғылыми-зерттеу міндеттерін орындау барысында қазіргі технологиялық мүмкіндіктерді сауатты пайдалануға бағытталды.

Сонымен бірге, алдағы оқу жылдарында білім беру бағдарламалары аясындағы жекелеген пәндерге қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін екені назарға алынды. Себебі білім беру мазмұны еңбек нарығындағы сұранысқа, академиялық стандарттарға және білім алушылардың оқу траекториясына қарай үнемі жетілдіруді қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру күн тәртібіндегі негізгі мәселелердің бірі болып қала береді. Бағдарламалардың басты мақсаты – заманауи талаптарға жауап беретін, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, білікті мамандар даярлау.

Осы мақсатқа жету үшін әр сала бойынша білім алушылардың қызығушылығын арттыруға бағытталған жүйелі жұмыстарды күшейту қажеттілігі туындап отыр. Кей жағдайда білім алушылар таңдаған саланың мәні мен маңызын, мақсаты мен атқаратын функцияларын толық түсіне бермейді. Сондықтан сапалы білім беру контентін кеңейте отырып, білім алушыларды мамандыққа бейімдеу және қызықтыру бағытында кіріспе сипаттағы пәндердің маңызы жоғары. Осы орайда «Мамандыққа кіріспе» мазмұнын атқаратын пәндердің орны ерекше деп айтуға болады. Осы бағытта философия кафедрасында 6B02286 – Философия-дінтану білім беру бағдарламасы аясында «Мамандыққа кіріспе» пәні енгізіліп, аталған пән бойынша дәрістер табысты түрде жүргізілуде. Бұл пән білім алушыларға философия мен дінтану салаларының негізгі ұғымдық аппараты мен зерттеу нысандарын жүйелі түрде түсіндіруге, мамандықтың мазмұнын саналы қабылдауға және әрі қарайғы пәндерді игеруге берік негіз қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, бағдарламаның мазмұны қолданыстағы талаптарға сәйкес деп бағаланып, өткен оқу жылында енгізілген ЖИ-ға қатысты мазмұндық толықтырулар бағдарламаны өзектендіруге қызмет етті. Сондықтан ағымдағы оқу жылында 6B02286 – Философия-дінтану білім беру бағдарламасына қосымша түбегейлі өзгерістер енгізудің қажеттілігі жоқ деген пікір білдіреміз.

АК мүшесі Г.О. Нұрбетова: Білім беру бағдарламаларын кешенді талдау нәтижесінде олардың қазіргі заман талаптарына толық сәйкес келетіні анықталды. 6B02231 – Тарих білім беру бағдарламасын қалыптастыру барысында бағдарлама бойынша күтілетін оқыту нәтижелері кафедра мәжілісінде жан-жақты талқыланды. Бағдарламаны әзірлеу кезінде білім беру бағдарламасының ерекшелігі, кафедраның ғылыми-педагогикалық әлеуеті, білім алушылар контингенті, түлектердің еңбек нарығында сұранысқа ие болу деңгейі, олардың жұмысқа орналасу мүмкіндіктері, сондай-ақ жұмыс берушілердің талаптары ескеріліп, соған сәйкес кәсіби құзыреттер мен оқыту нәтижелері айқындалды.

2024-2025 оқу жылы Тарих кафедрасы бойынша 6B02231 – Тарих білім беру бағдарламасының негізгі оқу жоспарына талдау жүргізілді. Талдау нәтижесінде оқу жоспары мазмұндық тұрғыда күшейтіліп, 4 жылға жоспарланған оқу жоспарына жаңадан 4 пән енгізілді. Атап айтқанда: GZAT22116 – «Ғылыми зерттеу әдістері мен тәжірибесі» (5 кредит / 150 сағ.), TG 32122 – «Тарихи география» (5 кредит / 150 сағ.), TMGTO – «Тарихи мәтінді ғылыми тұрғыда өңдеу» (7 кредит / 210 сағ.), KUAKT 4382 – «Қазақстандағы ұлт-

азаттық қозғалыстар тарихы» (5 кредит / 150 сағ.). Осылайша, бағдарламаға жалпы 22 академиялық кредит көлемінде пәндер енгізілді.

Енгізілген пәндер бағдарламаның практикалық және зерттеушілік әлеуетін арттыруға бағытталған. «Ғылыми зерттеу әдістері мен тәжірибесі» пәні болашақ тарихшының кәсіби қалыптасуындағы негізгі тірек пән ретінде ғылыми-зерттеу жүргізудің базалық дағдыларын қалыптастырады; «Тарихи география» тарихи үдерістерді кеңістік пен уақыт бірлігінде талдауға, табиғи орта мен қоғам байланысын түсіндіруге мүмкіндік береді; «Тарихи мәтінді ғылыми тұрғыда өңдеу» тарихи ақпаратты ғылыми талаптарға сай жүйелеу, талдау және сауатты баяндау құзыреттерін дамытады; ал «Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы» пәні ұлттық мемлекеттілік пен тәуелсіздік жолындағы күрес тарихын мазмұнды әрі терең меңгертуге бағытталған. Осы өзгерістер 6B02231 – Тарих БББ түлектерінің кәсіби құзыреттерін нақтылап, білім алушылардың ғылыми-талдау және дерекпен жұмыс істеу дағдыларын күшейтеді деп есептейміз. Сонымен қатар, 7M02210 – Тарих (магистратура, ғылыми бағыт) білім беру бағдарламасы бойынша ешқандай өзгеріс енгізілмегенін атап өтемін. Сонымен қатар, 6B02231 – Тарих және 7M02210 – Тарих білім беру бағдарламалары бойынша 2025–2026 оқу жылында қосымша өзгерістер енгізу қажет емес деген пікірдеміз.

АК мүшесі, академиялық персонал – Ы.Нурмагомбетова:

Бірінші мәселе бойынша 2024–2025 оқу жылында білім беру бағдарламаларындағы (6B02267 – Түркітану, 7M02212 – Түркітану) кейбір пәндер жаңартылып, толықтырылғанын атап өтуіміз керек. 6B02267 – Түркітану БББ-сы бойынша МЖМБС талаптарына сай «Экология және өмір қауіпсіздігі», «Икемді дағдылар» пәндерінің сипаттамалары жаңартылды. Сонымен қатар «Академиялық жазбаға кіріспе» пәнінің сипаттамасы және ОНЗ оқыту нәтижелері жаңартылып, жасанды интеллект негіздерін қалыптастыратын құзыреттер ескерілді. Бұдан бөлек, «Түркітануға кіріспе», «Қазіргі түркі тілдерінің салыстырмалы синтаксисі» пәндерінің сипаттамалары да жаңартылды. Бағдарламаны жаңарту еңбек нарығы мен академиялық талаптарға сәйкестендіру мақсатында жүргізілді: соңғы жылдары түркі мемлекеттері арасындағы ынтымақтастықтың артуы, Түркі мемлекеттері ұйымының белсенділігі бұл мамандыққа сұранысты күшейтіп отыр. Осыған байланысты бағдарлама мазмұны нақтыланып, халықаралық оқу орындарының тәжірибесі ескерілді, академиялық ұтқырлық кезіндегі пән сәйкестігін қамтамасыз ету үшін де өзгерістер енгізілді. Жаңартылған бағдарлама түлектерге түркі әлемін терең тануға, заманауи зерттеу жүргізуге және халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ 6B02267 – Түркітану БББ мазмұнын нақтылау мақсатында бірқатар пән атаулары мен сипаттамалары жаңартылды. Мысалы: «Түркі тілдерінің тарихи морфологиясы» → «Қазіргі түркі тілдерінің салыстырмалы морфологиясы», «Түркі мифологиясы» → «Фольклорға кіріспе», «Түркітанудағы зерттеу әдістері» → «Жасанды интеллект құралдарын қолдану арқылы зерттеу әдістері мен тәсілдері», «Медиа сауаттылық» пәні «Академиялық сауаттылық» пәнімен ауыстырылды, сондай-ақ әдебиет бағыты бойынша «Түркі дүниесі әдебиеттері I (Классикалық кезең)» және II (Заманауи кезең) пәндері енгізілді. Барлық пәндердің сипаттамалары талаптарға сай жаңартылды. Бағдарлама құрылымын оңтайландыру аясында бірқатар пәндер оқу жоспарынан алынып тасталып, олардың орнына жаңа пәндер енгізілді. Атап айтқанда, «Араб графикасымен жазылған көне түркі мәтіндері I, II, III», сондай-ақ «Заманауи түркі дүниесі әдебиеті жанр зерттеулері: роман-хикая-поэзия» пәндері қосылды. Бұл пәндер түркітану бағытына сай білім мен дағдыны тереңдетуге бағытталған. 7M02212 – Түркітану БББ-сы бойынша да жүйелі жаңарту жұмыстары жүргізілді: ББ-ның кәсіби стандарты мен еңбек функциялары таңдалып бекітілді, кәсіби оқыту нәтижелері жаңартылып, өзара сәйкестендірілді. МЖМБС талаптарына сәйкес «Зерттеулердің қолданбалы әдістері», «Академиялық ғылыми жазба» пәндерінің

сипаттамалары, сондай-ақ ОН4 пен ОН5 оқыту нәтижелері жаңартылып, ЖИ негіздерін қалыптастыратын құзыреттер ескерілді.

Жаңадан енгізілген пәндер қатарында: «Түркі әлемінің фольклорлық зерттеулері», «Түркі жазба тілдерінің тарихи салыстырмалы грамматикасы», «Түркітанымдық зерттеулер тарихы», «Қазіргі түркі жазба тілдерінің салыстырмалы грамматикасы», «Түркі жазба тілдерінің тарихи салыстырмалы лексикасы», «Қазіргі түркі дүниесі халықтарының тіл, тарих, география және фольклор контекстіндегі салыстырмалы талдауы» бар. Сонымен бірге МЖМБС-тың 5-тармағына сәйкес оқыту әдістемесі мен технологияларын қамтитын «Түркітану ғылымын оқытудың заманауи әдістері мен технологиялары» пәні қарастырылды. Қорытындылай келе, 2025–2026 оқу жылы үшін білім беру бағдарламаларына өзгертулер енгізілудің қажеті жоқ екенін атап өтеміз. Сонымен қатар, «Атамекен» ҰКП тарапынан жүргізілетін білім беру бағдарламаларын бағалау рейтингісіне қатысты құжаттар (8 қосымша бойынша) 6В02267 – Түркітану білім беру бағдарламасы рейтингке қатыстырылған жағдайда әзірленетін болады.

АК мүшесі, PhD Д.Шауенов: 6В02229 – Теология, 6В02266 – Исламтану және 7М02262 – Теология білім беру бағдарламаларын кешенді талдау нәтижесінде олардың қазіргі заман талаптарына толықтай сәйкес келетіні анықталды. Білім беру бағдарламаларына жүргізілген ішкі аудит қорытындысы бойынша бағдарламалардың мазмұны жан-жақты сараланып, ағымдағы оқу кезеңінде өзгеріс енгізу қажеттілігі жоқ деген тұжырым жасалды.

6В02229 – Теология, 6В02266 – Исламтану және 7М02262 – Теология білім беру бағдарламалары бойынша 2024–2025 оқу жылында оқу үдерісінің заманауи талаптарына сәйкестігін күшейту мақсатында жекелеген мазмұндық түзетулер енгізілгенін атап өткім келеді. Атап айтқанда, бакалавриат деңгейінде пәндердің мазмұны қайта қаралып, оқу нәтижелеріне жасанды интеллектті (ЖИ) оқу және кәсіби қызметте қолдануға қатысты элементтер енгізілді. Бұл өзгеріс студенттердің ақпараттық сауаттылығын арттырумен қатар, білімді талдау, жүйелеу және академиялық-тәжірибелік міндеттерді орындауда заманауи құралдарды тиімді пайдалану құзыреттерін дамытуға бағытталды.

Сонымен бірге, магистратура деңгейінде 7М02262-Теология ББ «Қолданбалы зерттеу әдістері» пәнінің сипаттамасы жаңартылып, пән мазмұнына ЖИ құралдарын қолдану мүмкіндіктерін көрсететін тұжырымдар енгізілді. Осы түзетулерге сәйкес, бағдарламалардың оқыту нәтижелері (ОН) де қайта қаралып, мазмұндық тұрғыда нақтыланды: яғни зерттеу жүргізу, дерекпен жұмыс істеу, нәтижені интерпретациялау және ғылыми мәтін дайындау барысында ЖИ-ды жауапты әрі мақсатқа сай қолдануға қатысты құзыреттер ескерілді. Бұл өзгерістер бағдарламаның құрылымын түбегейлі өзгертуді көздеген жоқ, керісінше қолданыстағы пәндер мен оқу нәтижелерін қазіргі академиялық стандарттармен үйлестіруді қамтамасыз етті.

Жалпы алғанда, 2024–2025 оқу жылында енгізілген аталған шағын түзетулер бағдарламалардың мазмұнын өзектендіріп, білім алушылардың кәсіби және зерттеушілік дағдыларын күшейтуге мүмкіндік берді деп есептейміз. Осыған байланысты, биылғы (ағымдағы) оқу жылында 6В02229 – Теология, 6В02266 – Исламтану және 7М02262 – Теология білім беру бағдарламаларына қосымша өзгерістер енгізудің қажеттілігі жоқ деген ойдамыз. Сөз соңында Д. Шауенов білім беру бағдарламасының мақсаты мен оқыту нәтижелерін нақты тұжырымдау және айқындау бүгінгі күннің маңызды міндеті екенін атап өтті. Кеңес мүшелері бұл ұсынысты қолдап, оң баға беріп, мақұлдады.

АК төрағасы Ж.Нурматов:

Гуманитарлық ғылымдар даярлау бағыты бойынша әрбір білім беру бағдарламасының жетекшілері ұсынған өзіндік бағалау нәтижелері тыңдалды. Күн тәртібіне сәйкес білім беру бағдарламаларының сапасын арттыруға, оқу нәтижелерін жетілдіруге және кәсіби құзыреттерді дамытуға қатысты бірқатар маңызды мәселелер

жан-жақты талқыланды. Алдағы кезеңде жүзеге асырылуы тиіс жұмыстардың көлемі әлі де ауқымды екені атап өтілді. Академиялық комитет мүшелері өзара ынтымақтастықта, бірлесе және жүйелі түрде жұмыс атқарған жағдайда қойылған міндеттерді тиімді жүзеге асырып, жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуге толық мүмкіндік бар деп сенемін.

ШЕШІМ:

1. ББ жетекшілерінің баяндаған өзіндік бағалау жұмыстары қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Қараша және желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:



Ж.Нурматов

Хатшысы:



А. Усаинова